



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGAZIN ATYNDAGÝ  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĞY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGAZIN ATYNDAGÝ  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĞYNA ARNALĜAN ALTYSARIN OQÝLARY  
«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joğarylatýdyň ózekti máseleleri»  
atty halyqaralyq ғылыми-практикалық конференциясынұ

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

### **Общая оценка**

**Какие два аспекта урока прошли хорошо (подумайте, как о преподавании, так и об обучении)?**

1:

2:

**Что могло бы способствовать улучшению урока (подумайте, как о преподавании, так и об обучении)?**

1:

2:

**Что я выявил(а) за время урока о классе или достижениях/трудностях отдельных учеников, на что необходимо обратить внимание на последующих уроках?**

Практическая значимость проведенных семинаров состоит не только в разработке методических рекомендаций, буклетов по формированию рефлексивной контрольно-самооценочной деятельности педагога, в процессе которой он осуществляет внутренний контроль совершенных (или совершаемых) действий и производит самооценивание себя и своей деятельности, а и в осознании участниками собственных качеств и достижений.

Таким образом, можно утверждать, что рефлексивная культура учителя, основанная на способностях к осознанию самого себя и других и обращенная на переосмысление содержания своей деятельности, является одной из основополагающих психолого-педагогических качеств личности и предопределяет развитие творчества и самосовершенствование личности учителя, развитие его самосознания, раскрывающего специфику и богатство духовного мира субъекта образования.

Практика показывает, рефлексивный учитель – это думающий, анализирующий, исследующий свой опыт профессионал. Это – внимательный слушатель, умный наблюдатель, проницательный собеседник. Это – «вечный ученик своей профессии» (Дьюи, 1997) с неутолимой потребностью к саморазвитию и самосовершенствованию. Педагог, умеющий рефлексировать, в будущем – это компетентный учитель, критически мыслящий профессионал.

### **Список литературы:**

- 1.Алтынсарин, И.Собр. соч. в 3-х томах: Т.1. – Алма-Ата, 1975.
- 2.Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г.
- 3.Ахраменко Е. В. Рефлексия современного учителя // Молодой ученый. — 2015. — №24. — С. 912-914.
- 4.Бизяева, А. А. Психология думающего учителя / А. А. Бизяева. — Псков. — 2004. 216 с.
- 5.Корчажкина, О. М. Построение рефлексивной модели современного учителя // Педагогика. — 2012. – № 3. — С. 65–70.
- 6.Метаева, В. А. Рефлексия как метакомпетентность / В. А. Метаева // Педагогика. – 2006. – № 3. — С. 56–61.

## **БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР**

Нургажанова Рсалды Сатибековна,  
информатика пәнінің мұғалімі  
Абусагитова Айгуль Саматовна,  
математика пәнінің мұғалімі  
Касенова Айжан Асқарбекқызы,  
ағылшын пәнінің мұғалімі

### **Аннотация**

*Бұл мақалада білім беру саласын жетілдіру мақсатында жаңа инновациялық технологияларды оқу үрдісінде жиі қолдану қажеттігі, математика, информатика және*

ағылшын оқыту үрдісінде қазіргі заманауи инновациялық техникаларды қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, оқу-ақпараттық, зерттеу-тәжірибелік әрекеттерін дамытуға болатындығы, олардың оқытушыға және оқушыларға берер қандай көмегі бар екендігі айтылды.

#### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается необходимость частого применения инновационных технологий с целью совершенствования сферы образования, для пробуждения интереса обучающихся к предмету через применение инновационных, учебно-информационных, исследовательско-практической деятельности в преподавании математики, информатики и английского языка, а также раскрыты ответы на вопрос, какую помощь предоставляет развитие данных деятельностей преподавателям и обучающимся.*

#### **Abstract**

*It is described in this article the need of frequent application of innovative technologies to improve math, English and computer technology's spheres of education, to raise the learner's interests through using innovative, informational educational, research and practical activities. It is explained the answers to the questions about benefit of development of these activities in teaching and learning.*

XXI ғасырда білім мен ғылымды жаңа инновациялық технология бағытында дамыту маңызды мәселелердің бірі. Президент Н.Ә.Назарбаев "Қазақстан-2050" стратегиялық жолдауында "біз білім-ғылым-инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден, бұл – уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры" деп атап көрсеткен болатын. Инновациялық педагогикалық технологиялар білім ғылым саласында қаншалықты маңызды болса, тәрбие бағытында да заманауи технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Құзыретті мамандыққа ие болу және даму үшін оқушылар заманауи тәрбие технологияларын сауатты қолдана білуі керек. Нақтылап айтқанда балаға білім мен тәрбие беруді саналы, сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршенділігін арттырады деп айтуға болады. Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтиже жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Заманауи тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Компьютерлер мен интерактивті тақта оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады. Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі бұл әрине мультимедиялық оқулығымыз - электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын – электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Міне бірнеше жылдан бері, біз Ақпараттық дамыту технологияларысыз сабағымызды елестете алмайтын болдық. Себебі АКТ-ны пайдалану біздің ең қажетті көмекші құралымызға айналды. Ағылшын тілі сабақтарына қажетті көрнекі құралдар, балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру бағытында ұйымдастырылатын диалогтер, бейне роликтер, видеоларды көресту үшін АКТ-ның көмегіне жүгінеміз. Мектепте оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқыту процесін жандандыру, танымдық, оқушылардың ақыл-ой және тәуелсіз белсенділігін арттыру үшін мүмкіндік береді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда



пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып тұратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жай түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады.

1. Мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану керек, айта өтер болсақ математика сабағында есептердің шығарылуы кезінде электрондық оқулықты қолдағанда көрсетілім дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар ағылшын және информатика сабағында бейнежазбалар арқылы айтылым дағдылары қалыптасады.

2. Сызбанұсқаға оқушылармен бірге талдау жүргізіп отыру. Сызбанұсқаларды (схемаларды) оқушылардың қатысуымен талдау жасалады.

3. Оқушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беріледі.

4. Оқушының топпен және екі – екіден жұмыс жасауына мүмкіндік беріледі.

Тірек сызбаның артықшылықтары мынада:

- а) оқушыға оқу материалы жинақы, қысқаша беріледі;
- б) оқушы оқу материалының ішінен ең негізгісін таңдай білуді үйренеді;
- в) оқушы таңдап алған танымдылық - білімдік түсініктерін бір – бірімен байланыстырып, қарапайым жүйе жасауды үйренеді;
- г) оқушы оқулықпен және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауға дағдыланады;
- д) Оқушы өзінің танымдық деңгейін біледі.

Он сұрақ!

Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

Сұрақты ұстап ал!

Мұғалім сұрақ қойған кезде фасоль салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беру үшін ниет білдіруге итермелейді. Сіз оқушыларға жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік бере аласыз. Сонымен қатар, бұл тапсырманы командамен шешуге де болады. Мұғалім кезек-кезекпен фасольды қапшықты әр командаға лақтырады. Егер де қапшықты қағып алған адам сұраққа жауап берсе, онда команда 3 балл алады. Егер де ол жауабын білмесе, қапшықты басқа командаға 2 балға лақтырады. Егер де қапшық тағы да кері лақтырылатын болса, онда дұрыс жауаптың құны 1 балға дейін төмендейді.

Крестиктер-нөлдіктер

Ереже:

1. 1-ші команда (нөлдіктер) кестеден сан таңдайды.
  2. Мұғалім сол нөмірдегі сұрақты оқиды.
  3. Жауап дұрыс болған жағдайда, 1-ші команда сол квадратқа крестик қояды.
  4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда,
- 2-ші команда (крестиктер) сұраққа жауап беруге және сол квадратқа крестик қоюға мүмкіндік алады.

Өзін - өзі бағалауды үйренеді. Тірек сигналдары арқылы оқыту өзінің нәтижесін береді. Атап айтсақ:

Мұғалім: - оқушы білімін тексеруде дидактикалық құрал ретінде пайдаланады

- мағыналық, логикалық белгілерді нақты, қысқа түсіндіреді;
- баға қоры молаяды;
- оқушы білімі әділ бағаланады.

Оқушы:

- берік білім негізі қаланады;
- сөйлеу қабілеті дамиды;
- тұжырымдап, топшылау дағдылары қалыптасады;
- танымдық процесі нығаяды;
- қарым – қатынас қажеттілігі қанағаттандырылады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- шығармашылығы шыңдалады.

Нәтижесінде мұғалімнің де, оқушының да жасампаздығы артып, жаңашылдыққа бет бұрады.

Білім беру мекемелерде ақпараттық коммуникативтік технология құралдарын қолданудағы мақсат – әр оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқушының танымдық қызығушылықтың болуы олардың шараларда белсендік танытуға, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Педагог – оқушылардың бойына білім нәрін себетін, жан-жақты тәрбие беретін басты тұлға. Болашақта мектеп түлектерінен жаңашыл педагог даярлауға қойылатын талаптар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиялар түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту үдерісін өзгертуі немесе жетілдіруі мүмкін. Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі жеке тұлғаға бағдарланған инновациялық оқыту технологиясының кең қолданысқа енуі. Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Педагогикалық технологиядағы басты міндет-баланың танымдық әрекетін жандандыра отырып, педагогтың кәсіби қызметін жаңғырту арқылы алға қойған мақсатқа толықтай жету. Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже. Меніңде тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым-балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілетін арттыру. Сол себепті Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, білім құштарлығын таныту. Әр ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын, ауызша, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы дағдыландыру әрбір педагогтың абыройлы борышы. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалана өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары: психологиялық ахуал туғызу; балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қызығушылықтарын (ынта, ұмтылыс) тудыру; ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы; топтағы әр деңгейлі балалар ескерілуі керек; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру; өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету; балалардың өзінің үйренгені мен өз түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір

алысуға мүмкіндік жасау. Өздігінен дамыту технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М.Монтессори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолмен жүреді. Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: мұғалім бала, бала-мұғалім, бала-бала, яғни балада, мұғалімде субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен мұғалімнің арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау. Бұл технологияның негізгі мақсаты азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылулық ұялату. Деңгейлеп саралап оқыту технология-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау. Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру. Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту бала бойындағы еркіндік, мақсаткерлік, ар намыс, мақтаныш, сезім, дербестік адамгершілік, еңбексүйгіштілік, белсенділік т.б. қасиеттерін дамыту. Монтессори технологиясы-Монтессори технологиясының негізгі принципі-балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Жаңа оқытудың технологиясына мән беріп қарасақ, педагогикалық технологиялар мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс:

- Оқытудағы педагогикалық эксперименттерді жою;
- баланың танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие процесінің жобасын негіздеу;

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Қорыта айтқанда, оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өз бетінше жұмыс жасауды білімді өз бетімен игерудің маңызды екенін ұқтық. Оқушылар жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш зерттелген шығармашыл, проблемаларды өздігінен шеше алатын қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін, функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасады. Сонымен қатар, өздігінен ана тілді оқу барысында оқу материалының жүйелі түрде меңгерту, грамматикалық схеманы шешу, іздену, салыстыру, зерттеу, әртүрлі шығармашылық жұмыстарды өз бетінше жұмыс орындау барысында меңгереді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Жолдау. Астана. Ақорда. 2015.
2. Б.А. Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары» // Алматы, 2000 ж.

3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі // Алматы 2001 – 75 б.

4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы – 2006ж. 4-5 бет.

5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

Тыңғазы Ақмарал Ергешбайқызы,  
көркем еңбек пәнінің мұғалімі  
Нургазина Айнур Уражановна,  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы, Әулікөл ауданы,  
№28 Құсмұрын орта мектебі

### **Аннотация**

*XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы.*

*Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы - белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.*

### **Аннотация**

*XXI век - век передовых технологий. Эффективное использование новых технологий в системе образования-требование времени.*

*Новая парадигма знаний ставит на первое место не только знания, умения и навыки ребенка, но и развитие его личности, как гражданина путем получения образования. Традиционное обучение является организацией, управлением и контролем процесса новых технологий обучения, готовых к обучению учащихся. Современные технологии обучения - способ реализации содержания обучения, обозначенного в учебной программе, с раскрытием форм, методов и средств обучения, обеспечения эффективного достижения поставленной цели.*

### **Abstract**

*XXI century-the century of advanced technologies. Effective use of new technologies in the education system is a requirement of the time.*

*The new paradigm of knowledge puts in the first place not only the knowledge and skills of the child, but also the development of his personality as a citizen through education. Traditional learning is the organization, management and control of new learning technologies that are ready to teach students. Modern technologies of learning - a way to implement the content of studying, designated in the curriculum, with the disclosure of forms, methods and means of studying, to ensure the effective achievement of the aim.*

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекеленген оқытушылар мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Оқыту процесінің технологияларының көптүрлілігіне қарамастан-ақпараттық, проблемалық, модульдық, кейс-стади, рефлексия «адамтану», дуалдық, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, жобалау әдістерін қолдану арқылы оқыту, қашықтықтан оқыту



**СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**

**СЕКЦИЯ 3. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

<i>Матушевич Л. В., Мендыбаева Ш. Ж., Нерубайская Г. Д., Образование в условиях развития технических средств.....</i>	3
<i>Молдахметов Н. Б., Жолдыбек Г. Ж., Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.....</i>	7
<i>Мурзагалиева А. Е., Исследовательская деятельность учителя как способ профессионального развития.....</i>	11
<i>Мухтангалиева М. К., Куржумбаева Г. С., Косназарова А. Р., Жаңартылған білім беру аясында қолданатын тәсілдердің тиімділігі.....</i>	14
<i>Мұхтарұлы Е., Худайбергенов Н. М., Химия сабағында ғылыми-зерттеу әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.....</i>	19
<i>Міркемел А.М., Қазақ тілі сабақтарында кембридждік оқыту бағдарламасы модульдерінің ықпалдасуы мен тиімді жүзеге асуы.....</i>	22
<i>Мырзалиева Ж. Б., Ахмедина А. Қ., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	26
<i>Наженова М. А., Акбарова Р. Г., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....</i>	29
<i>Назарова Г. К., Байдешов Д. Б., Булекова А. Е., Қазіргі білімнің дамуы – болашақтың қайнар көзі.....</i>	32
<i>Нугуманова К.А., Stem-образование как платформа современной интеллектуальной техносферы.....</i>	35
<i>Нурахметова К. М., Повышение рефлексивной культуры учителя – залог улучшения практики преподавания.....</i>	40
<i>Нургажанова Р. С., Абусагитова А. С., Касенова А. А., Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....</i>	45
<i>Тыңғазы А. Е., Нургазина А. У., Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.....</i>	50
<i>Нурсултанова К. А., Кинжекеева Г. М., Оқытуда Clil әдісінің қолдану ерекшеліктері.....</i>	53
<i>Нурушева Г. К., Петренко О. Е., Применение интерактивных методов обучения на уроках истории Казахстана.....</i>	56
<i>Олейник Т. Ю., Использование технологии развития критического мышления и исследовательской деятельности на уроках в начальных классах.....</i>	60
<i>Олейникова Н. В., Шевко И. А., Мелихова Л. Б., Применение инновационных технологий и методов в практике современного учителя.....</i>	65
<i>Омарова С. К., Боканова А. А., Мәтінмен жұмыс жүргізу жолдары.....</i>	68
<i>Рахимова А. А., Психологические особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе.....</i>	71
<i>Рахимова Э. Е., Елеусизова Г. Д., Кіріктірілген сабақтардың оқушыларда көптілділік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....</i>	75